# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы № 1710 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 231 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № 229 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы № 1710 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыпта:

«көрсету» деген сөз алып тасталсын;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 карашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;

1-тармақтағы «көрсету» деген сөз алып тасталсын;

«Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

«Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

«Жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде өзен кемелерін мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

«Шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

«Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

«Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 231 қаулысына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы № 1710 қаулысымен бекітілген

## «Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары ( бұдан әрі - уәкілетті орган) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы балама негізде осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 17-бабының, «Қазақстан Республикасы су қоймаларында шағын өлшемді кемелердің жүзу қауіпсіздігін регламенттейтін құжаттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 1998 жылғы 10 тамыздағы № 172 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 618 нөмірмен тіркелген) бекітілген Кеме жүргізушілерді шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына аттестаттау бойынша нұсқаулықтың негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты Қазақстан Республикасы Көлік

және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында www.mtk.gov.kz мекенжай бойынша орналастырылған.

5. Мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлік беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қағаз тасығышта беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету:

а) тұтынушының осы стандарттың 11-тармағында белгіленген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап - 10 жұмыс күні;

б) мемлекеттік қызметті алуға (тіркелу сәтінен бастап) жүгінген сәттен бастап - 10 жұмыс күні;

2) уәкілетті органға қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 20 минуттан аспайды;

3) уәкілетті органда шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлік алу кезінде кезекте күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 30 минуттан аспайды;

4) ХҚКО-ға жүгінген кезде:

құжаттарды ресімдеу мерзімі уәкілетті органға қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні (құжаттарды қабылдау күні мен беру күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 20 минуттан аспайды;

шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлік алу кезінде кезекте күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін болып табылады.

9. Мемлекеттік қызмет:

1) уәкілетті органға жүгінген кезде:

демалыс және мереке күндерін қоспағанда, осы стандарттың 3-қосымшасына орай уәкілетті органның түскі үзілісі бар белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес аптаның 5 күнінде көрсетіледі.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

2) ХҚКО-ға жүгінген кезде:

жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін аптаның 6 күні. Қабылдау « электронды» кезек тәртібімен, алдын-ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету қажетті құжаттардың тізбесі және оларды

толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің деректері (үзінді көшірмелері ) бар стендтермен жарақтандырылған, мүмкіндігі шектеулі адамдарға жағдай жасалған, күту мен құжаттарды толтыруға арналған орындары бар уәкілетті органның ғимараттарында осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет мүмкіндігі шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсетуге жағдай көзделген тұтынушының тұрғылықты жері бойынша ХҚКО ғимаратында да көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, күту креслолары, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

Жеке тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша сапаға талдау жүргізу, жұмысты одан әрі жетілдіру үшін қоғамдық пікірді зерттеу мақсатында уәкілетті органда және ХҚКО-да жеке және заңды тұлғалар үшін шағымдар мен ұсыныстар кітабы жүргізіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы немесе сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілі мыналарды ұсынады:

1) шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлік беру жөнінде мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін өтініш;

2) кеме жүргізушілерді дайындауды жүзеге асыратын оқу ұйымдары беретін әуесқой кеме жүргізушілерді даярлау курстарын аяқтағаны туралы куәлік;

3) өтініш берушінің тұрғылықты мекенжайы бойынша денсаулық сақтау мекемелері беретін медициналық анықтама (№ 083/У нысанындағы);

4) 3х4 см өлшемдегі 3 сурет.

12. Белгіленген үлгідегі өтініштің нысанын осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша уәкілетті органның қызметкері береді, сондай-ақ ол ХҚКО-да күту залындағы арнайы тағанда не консультанттарда болады.

13. Осы стандарттың 11-тармағында аталған құжаттар осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша уәкілетті органның кеңсесіне немесе ХҚКО-ға тапсырылады.

14. Уәкілетті орган не ХҚКО арқылы құжаттарды қабылдау кезінде тұтынушыға:

1) сұрау салудың нөмірі және қабылдау күні;

2) сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;

4) құжаттар берілетін күн (уақыт) мен орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған уәкілетті органның лауазымды

адамының не ХҚКО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Осы стандарттың 11-тармағында аталған құжаттарды тапсырған тұтынушыға уәкілетті орган кеңсесінің қызметкері қағаз тасығышта емтихан парағын береді.

15. Шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлікті уәкілетті орган кеңсесінің қызметкері тұтынушыға шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлік беру журналына қол қойдырып береді.

ХҚКО-да шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлік беруді ХҚКО инспекторы «терезе» арқылы жүзеге асырады.

16. Шағын өлшемді кемені басқару құқығына емтихандарды тапсыра алмау мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Уәкілетті орган құжаттарды ресімдеуде қателіктер анықталған, осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттар пакеті толық ұсынылмаған және құжаттар тиісті ресімделмеген кезде құжаттар пакетін алғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде оларды ХҚКО-ға немесе қайтару себебін жазбаша негізден тұтынушыға қайтарады.

Құжаттар ХҚКО арқылы қайтарылған жағдайда, ХҚКО-ның қызметкері оларды алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде тұтынушыны хабардар етеді және уәкілетті органның бас тарту себебі туралы жазбаша негіздеме береді.

Егер тұтынушы құжаттарды алуға мерзімінде келмеген жағдайда, ХҚКО 1 ай бойы олардың сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін оларды уәкілетті органға береді.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның және ХҚКО-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықтың, Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Уәкілетті орган мен ХҚКО жұмысының нәтижелері осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын бірінші тоқсанда Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызметті көрсету сапасы бойынша наразылық болған жағдайда лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібін осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефондар мен мекенжайлар бойынша уәкілетті орган кеңсесінің қызметкерлері түсіндіреді.

ХҚКО арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына наразылықтар болған жағдайда ХҚКО лауазымды адамдарының әрекеттеріне ( әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібін осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша ХҚКО қызметкерлері түсіндіреді.

21. Уәкілетті орган көрсететін мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі бойынша апелляция Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: ktk@mtc.gov.kz., қабылдау бөлмесінің телефоны (7172)24-27-08 мекенжайы бойынша беріледі.

Жұмыс кестесі бес күндік жұмыс аптасын (9.00-18.30) құрайды, оның ішінде түскі үзіліс (13.00-14.30).

ХҚКО арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет үдерісі бойынша апелляция ХҚКО қарамағында болатын жергілікті атқарушы органға беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті орган, сондай-ақ ХҚКО арқылы балама негізінде осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетіледі.

Уәкілетті органның жұмыс кестесі осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес түскі үзіліспен 5 күндік жұмыс аптасын құрайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі ХҚКО жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден сағат 20.00-ге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз аптасына 6 күн.

Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда, шағым осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

ХҚКО арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда, шағым осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша ХҚКО басшысының атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым еркті нысанда жазылады.

25. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен

аты-жөні, жасалған шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарауға жауапты лауазымды адамның байланыс деректері көрсетілген талон шағымның қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабына сәйкес тұтынушыға шағымды қарау нәтижелері туралы жазбаша түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

26. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің сенім телефоны: 24-29-09.

«Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті аумақтық органдарының тізбесі

| Р/с № | Бөлімше атауы | Толық заңды мекенжайы | Байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | «Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бойынша Ақтөбе қаласындағы «Батыс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 95 | 8-(7132) 54-29-03 ktk_@actb mtc.gov.kz |
| 2. | «Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бойынша «Батыс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Орал қаласы, Еуразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 53-86-43 ktk_zko@mtc.gov.kz |
| 3. | «Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша Павлодар қаласындағы «Ертіс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік мекемесі | Павлодар қаласы, Бектұров көшесі, 107 | 8-(7182) 32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 4. | «Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша Павлодар қаласындағы «Ертіс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Өскемен қаласы, Крылов көшесі, 114 | 8-(7232) 25-22-06 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 5. | «Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша Талдықорған қаласындағы « Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktlc_alm@ mtc.gov.kz |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | «Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша Талдықорған қаласындағы « Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktlc_galm@mtc.gov.kz |
| 7. | «Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Атырау қаласындағы «Каспий өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Атырау қаласы, Абай көшесі, « 10А» | 8-(7122) 32-73-65 ktk_art@mtc.gov.kz |
| 8. | «Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Атырау қаласындағы «Каспий» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Ақтау қаласы, 1 ш/а, 1 | 8-(7292) 60-55-50 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| 9. | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Шымкент қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі, 4 | 8-(7252) 56-44-88 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 10. | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 1 филиалы | Тараз қаласы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_yamb@mtc.gov.kz |
| 11. | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 2 филиалы | Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі, 24А | 8-(7162) 25-69-93 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 12. | «Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша Көкшетау қаласындағы «Солтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 87 | 8-(7162) 25-69-93 ktk_akm@mtc.gov.kz |
| 13. | «Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша Көкшетау қаласындағы «Солтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 1 филиалы | Қостанай қаласы, Чехов көшесі, 105А | 8-(7142) 56-85-25 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 14. | «Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша Көкшетау қаласындағы «Солтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 2 филиалы | Петропавл қаласы, Бейбітшілік көшесі, 122 | 8-(7152) 46-44-07 ktk_sko@mtc.gov.kz |
| 15. | «Қарағанды облысы және Астана қаласы бойынша Қарағанды қаласындағы « Сарыарқа» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қаласы, Гапеев көшесі, 5 | 8-(7212) 77-22-40 ktk_kar@mtc.gov.kz |
| 16. | «Қарағанды облысы және Астана қаласы бойынша Қарағанды қаласындағы « | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сарыарқа» өңiраралық көлiктiк бақылау инспекциясы» мемлекеттiк мекемесiнiң филиалы | Астана қаласы, Ақжол көшесi, 28 | 8-(7172) 46-44-07 ktk_ast@mtc.gov.kz |

«Шағын өлшемдi кемелердi басқару құқығына куәлiк беру» мемлекеттiк қызмет стандартына
2-қосымша

## Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тiзбесi

| Р/с № | Орталықтың атауы | Орталықтың орналасқан мекен-жайы | Операциялық залдың телефон нөмiрi | Басшының телефон нөмiрi |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Ақмола облысының ХҚКО | Көкшетау қаласы, Әуэзов көшесi, 189 «а» үй | 25-77-16 | 40-10-63 қабылдау бөлмесi |
| 2. | Ақтөбе облысының ХҚКО | Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесi, 109-үй | 56-24-53 | 55-15-55 қабылдау бөлмесi |
| 3. | Алматы облысының ХҚКО | Талдықорған қаласы, Тәуелсiздiк көшесi, 67 «б» үй | 24-31-10 | 24-41-33 қабылдау бөлмесi |
| 4. | Атырау облысының ХҚКО | Атырау қаласы, Авангардская көшесi, 2-23 «б» үй | 28-31-14 28-40-06 | 28-40-14 қабылдау бөлмесi |
| 5. | Шығыс Қазақстан облысының № 1 ХҚКО | Өскемен қаласы, Белинский көшесi, 37 «а» үй | 22-48-03 | 28-94-67 қабылдау бөлмесi |
| 6. | Шығыс Қазақстан облысының № 2 ХҚКО | Семей қаласы, 408-орам, 21-үй | 33-57-97 | 33-55-93 қабылдау бөлмесi |
| 7. | Жамбыл облысының ХҚКО | Тараз қаласы, Қойгелдi көшесi, 158 «а» үй | 51-44-79 | 43-84-14 қабылдау бөлмесi |
| 8. | Батыс Қазақстан облысының ХҚКО | Орал қаласы, Жамбыл көшесi, 81-үй | 28-13-12 | 23-68-81 қабылдау бөлмесi |
| 9. | Қарағанды облысының ХҚКО | Қарағанды қаласы, Чкалов көшесi, 7-үй | 41-63-03 | 41-63-10 42-09-10 қабылдау бөлмесi |
| 10. | Қостанай облысының ХҚКО | Қостанай қаласы, Таран көшесi , 114-үй | 53-26-00 21-13-11 | 54-10-20 қабылдау бөлмесi |
| 11. | Қызылорда облысының ХҚКО | Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесi, н/ж | 23-07-51 | 23-07-16 қабылдау бөлмесi |
| 12. | Маңғыстау облыстық ХҚКО | Ақтау қаласы, 15 шағын аудан, 67 «б» үй | 42-23-19 | 42-23-12 қабылдау бөлмесi |
| 13. | Павлодар облысының ХҚКО | Павлодар қаласы, Павлов көшесi, 48-үй | 33-47-54 33-47-48 | 33-47-35 қабылдау бөлмесi |
| 14. | Солтүстiк Қазақстан облысының ХҚКО | Петропавл қаласы, Әуезов көшесi, 157-үй | 42-69-50 | 33-31-03 қабылдау бөлмесi |
| 15. | Оңтүстiк Қазақстан облысының ХҚКО | Шымкент қаласы, Мәделi қожа көшесi, н/ж | 21-48-96 | 30-06-79 қабылдау бөлмесi |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16. | Алматы қаласы Алмалы ауданының ХҚКО | Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 221-үй | 378-09-10 | 378-09-09 қабылдау бөлмесі |
| 17. | Алматы қаласы Алатау ауданының ХҚКО | Алматы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, 24-үй | 377-19-80 | 377-19-80 қабылдау бөлмесі |
| 18. | Алматы қаласы Әуезов ауданының ХҚКО | Алматы қаласы, Бөкеев көшесі, 128-үй | 317-82-29 | 256-08-69 қабылдау бөлмесі |
| 19. | Алматы қаласы Бостандық ауданының ХҚКО | Алматы қаласы, Алмагүл шағын ауданы, 9 «а» үй | 293-41-14 | 248-17-77 қабылдау бөлмесі |
| 20. | Алматы қаласы Жетісу ауданының ХҚКО | Алматы қаласы, Төле би көшесі , 155-үй | 378-46-72 | 390-18-07 қабылдау бөлмесі |
| 21. | Алматы қаласы Медеу ауданының ХҚКО | Алматы қаласы, Марков көшесі , 44-үй | 239-65-53 239-65-47 | 239-65-52 қабылдау бөлмесі |
| 22. | Алматы қаласы Түрксіб ауданының ХҚКО | Алматы қаласы, Рехорд Зорге көшесі, 9-үй | 234-09-27 | 234-09-35 қабылдау бөлмесі |
| 23. | Астана қаласы Алматы ауданының № 1 ХҚКО | Астана қаласы, Мирзоян көшесі, 25-үй | 61-84-03 | 61-84-04 қабылдау бөлмесі |
| 24. | Астана қаласы Алматы ауданының № 2 ХҚКО | Астана қаласы, Сұбханбердин көшесі, 2-үй | 23-23-62 | 23-23-62 қабылдау бөлмесі |
| 25. | Астана қаласы Сарыарқа ауданының № 1 ХҚКО | Астана қаласы, Республика даңғылы, 47-үй | 32-42-79 | 32-40-95 қабылдау бөлмесі |
| 26. | Астана қаласы Сарыарқа ауданының № 2 ХҚКО | Астана қаласы Сүйінбай ақын көшесі, 85-үй | 37-74-34 | 37-74-34 қабылдау бөлмесі |
| 27. | Астана қаласы Есіл ауданының ХҚКО | Астана қаласы, Сауран көшесі, 7-үй | 50-13-69 | 50-13-72 қабылдау бөлмесі |

«Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті аумақтық органдарының жұмыс регламенті

| Р/с № | Бөлімшенің атауы | Аумақтық органның жұмыс регламенті |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | «Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бойынша Ақтөбе қаласындағы «Батыс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қаласы Сағат 8.00-18.00, түскі үзіліс 12.00-14.00 |
| 2 | «Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бойынша Ақтөбе қаласындағы «Батыс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Орал қаласы Сағат 8.30-18.00 түскі үзіліс 12.30-14.00 |
| 3 | «Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша Павлодар қаласындағы «Ертіс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Павлодар қаласы Сағат 9.00-18.00 түскі үзіліс 12.00-14.00 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | «Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша Павлодар қаласындағы «Ертіс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Өскемен қаласы Сағат 9.00-18.00 түскі үзіліс 12.00-14.00 |
| 5 | «Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша Талдықорған қаласындағы «Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы Сағат 8.30-18.00 түскі үзіліс 12.30-14.00 |
| 6 | «Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша Талдықорған қаласындағы «Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Алматы қаласы Сағат 9.00-18.00 түскі үзіліс 12.30-14.00 |
| 7 | «Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Атырау қаласындағы «Каспий» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Атырау қаласы Сағат 8.00-18.00 түскі үзіліс 12.00-14.00 |
| 8 | «Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Атырау қаласындағы «Каспий» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Ақтау қаласы Сағат 8.00-18.00 түскі үзіліс 12.00-14.00 |
| 9 | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Шымкент қаласы Сағат 9.00-19.00 түскі үзіліс 13.00-15.00 |
| 10 | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 1 филиалы | Тараз қаласы Сағат 9.00-19.00 түскі үзіліс 13.00-15.00 |
| 11 | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 2 филиалы | Қызылорда қаласы Сағат 9.00-19.00 түскі үзіліс 13.00-15.00 |
| 12 | «Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша Көкшетау қаласындағы «Солтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қаласы Сағат 9.00-18.00 түскі үзіліс 13.00-14.00 |
| 13 | «Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша Көкшетау қаласындағы «Солтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 1 филиалы | Қостанай қаласы Сағат 9.00-18.30 түскі үзіліс 13.00-14.30 |
| 14 | «Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша Көкшетау қаласындағы «Солтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 2 филиалы | Петропавл қаласы Сағат 8.00-18.00 түскі үзіліс 13.00-14.00 |
| 15 | «Қарағанды облысы және Астана қаласы бойынша « Сарыарқа» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қаласы Сағат 9.00-18.00 түскі үзіліс 13.00-14.00 |
| 16 | «Қарағанды облысы және Астана қаласы бойынша « Сарыарқа» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Астана қаласы Сағат 9.00-18.00 түскі үзіліс 13.00-14.00 |

«Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

## Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің кейінгі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1. Уақтылылығы | | | |
| 1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсету жағдайларының %-ы (үлесі) | 98 | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 90 | | |
| 3. Қол жетімділік | | | |
| 3.1. Қызмет көрсету сапасына және олардың тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 85 | | |
| 3.2. электрондық форматта қол жетімді ақпарат қызметтерінің %-ы ( үлесі) | - | | |
| 4. Шағымдану үдерісі | | | |
| 4.1. Белгіленген мерзімде қанағаттанған тұтынушылардың негізделген шағымдардың %-ы ( үлесі) | 95 | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | 98 | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 4 наурыздағы
№ 231 қаулысына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 29 қазандағы
№ 1710 қаулысымен
бекітілген

**«Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты 1. Жалпы ережелер**

1. «Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі - уәкілетті орган) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы балама негізде осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 26-бабының, «Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 49 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында www.mtk.gov.kz мекенжайы бойынша орналастырылған.

5. Мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны кеме куәлігін беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қағаз тасығышта беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету:

а) тұтынушының осы стандарттың 11-тармағында белгіленген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап - 10 жұмыс күні;

б) мемлекеттік қызметті алуға (тіркелу сәтінен бастап) жүгінген сәттен бастап - 10 жұмыс күні.

2) уәкілетті органға қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 20 минуттан аспайды;

3) уәкілетті органда кеме куәлігін алған кезде кезек кутудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 30 минуттан аспайды;

4) ХҚКО-ға жүгінген кезде:

құжаттарды ресімдеу мерзімі уәкілетті органға қажетті құжаттар келіп түскен күнінен бастап 10 жұмыс күні (құжаттарды қабылдау күні және беру күні

мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);
қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 30 минуттан аспайды;
кеме куәлігін алған кезде кезек күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: 10 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы болып табылады.

Өзен кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым тіркеуді жүзеге асыру орны бойынша жергілікті бюджетке төленеді, алым ставкалары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы » Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген және алымды төлеу күні қолданыстағы он бес еселенген айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Ақы төлеу тәсілі: қолма-қол ақшасыз нысанда.

9. Мемлекеттік қызмет:

1) уәкілетті органға жүгінген кезде:

демалыс және мереке күндерін қоспағанда, осы стандарттың 3-қосымшасына орай уәкілетті органның түскі үзілісі бар белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес аптаның 5 күнінде көрсетіледі.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

2) ХҚКО-ға жүгінген кезде:

жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін аптаның 6 күні. Қабылдау « электронды» кезек тәртібімен, алдын-ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің деректері (үзінді көшірмелері ) бар стендтермен жарақтандырылған, мүмкіндігі шектеулі адамдарға жағдай жасалған, күту мен құжаттарды толтыруға арналған орындары бар уәкілетті органның ғимараттарында осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет мүмкіндігі шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсетуге жағдай көзделген тұтынушының тұрғылықты жері бойынша ХҚКО ғимаратында да көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, күту креслолары, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

Жеке тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша сапаға талдау жүргізу, жұмысты одан әрі жетілдіру үшін қоғамдық пікірді зерттеу мақсатында уәкілетті органда және ХҚКО-да жеке және заңды тұлғалар үшін шағымдар мен ұсыныстар кітабы жүргізіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы немесе сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілі мынадай құжаттар қоса берілген белгіленген нысандағы кеме тізілімінің сауалнамасын қамтитын кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті ұсынады:

1) кемеге меншік құқығын растайтын құжаттар;

2) «Кеме қатынасы тіркелімі» мемлекеттік мекемесі беретін жүзуге жарамдылық туралы куәлік;

3) «Кеме қатынасы тіркелімі» мемлекеттік мекемесі беретін өлшеу куәлігі (« өзен-теңіз» суларында жүзу кемелері үшін);

4) уәкілетті орган беретін сыныптау куәлігі;

5) «Кеме қатынасы тіркелімі» мемлекеттік мекемесі беретін жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемесі үшін);

6) өзен кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгендігін растайтын құжат.

Кемелерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар :

құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалуы тиіс;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ресми шетелдік құжаттар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктерінде немесе консулдық мекемелерінде жария етілуі тиіс. Қажет болған жағдайларда қарауға, оларға қатысты көрсетілген талаптар орындалған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері да қабылдануы мүмкін. Егер ұсынылатын құжаттар шет тілінде жасалған жағдайда, оларға мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы қоса беріледі;

құжаттардың мәтіндері анық жазылуы, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері қысқартусыз жазылуы, оларды растау талап етілетін даналарда қолы мен мөрі болуы тиіс;

мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттарда тазаланған не үстінен жазылған, сызылған сөздер және оларда ескерілмеген өзге де қолжазба немесе машинамен жазылған түзетулер, олардың мазмұнын бір мағынада түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері болуға тиіс емес, құжаттар қарындашпен жазылмауға тиіс;

осы тармақтың 1) - 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерімен салыстырғаннан кейін тұтынушыға қайтарылады.

Құжаттардың түпнұсқалары ұсынылмаған кезде нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

12. Белгіленген үлгідегі өтініштің және кеме тізілімі сауалнамасының нысанын уәкілетті органның қызметтері береді, сондай-ақ ХҚКО-да күту залындағы арнайы тағанда не консультанттарда болады.

13. Осы стандарттың 11-тармағында аталған құжаттар осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша уәкілетті органның кеңсесіне немесе ХҚКО-ға тапсырылады.

14. Уәкілетті орган не ХҚКО арқылы құжаттарды қабылдау кезінде тұтынушыға:

1) сұрау салудың нөмірі және қабылдау күні;

2) сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;

4) құжаттар берілетін күн (уақыт) мен орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған уәкілетті органның лауазымдық адамының не ХҚКО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

15. Кеме куәлігін уәкілетті органның кеңсесі өзен кемесін және оған құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркегеннен кейін тұтынушыға береді.

ХҚКО-да тұтынушыға дайын құжаттарды беруді ХҚКО инспекторы «терезе» арқылы жүзеге асырады.

16. Егер:

1) мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен тиісті емес тұлға жүгінсе;

2) Ережеде көзделген талаптар сақталмаса;

3) мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Уәкілетті орган құжаттарды ресімдеуде қателіктер анықталған, осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттар пакеті толық ұсынылмаған және құжаттар тиісті ресімделмеген кезде құжаттар пакетін алғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде оларды ХҚКО-ға немесе қайтару себебін жазбаша негізден тұтынушыға қайтарады.

Құжаттар ХҚКО арқылы қайтарылған жағдайда, ХҚКО-ның қызметкері оларды алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде тұтынушыны хабардар етеді және уәкілетті органның бас тарту себебі туралы жазбаша негіздеме береді.

Егер тұтынушы құжаттарды алуға мерзімінде келмеген жағдайда, ХҚКО 1 ай бойы олардың сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін оларды уәкілетті органға береді.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның және ХҚКО-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықтың, Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Уәкілетті орган мен ХҚКО жұмысының нәтижелері осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін жыл сайын бірінші тоқсанда Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызметті көрсету сапасы бойынша наразылық болған жағдайда лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібін осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефондар мен мекенжайлар бойынша уәкілетті орган кеңсесінің қызметкерлері түсіндіреді.

ХҚКО арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына наразылықтар болған жағдайда ХҚКО лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібін осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша ХҚКО қызметкерлері түсіндіреді.

21. Уәкілетті орган көрсететін мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі бойынша апелляция Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: ktk@mtc.gov.kz., қабылдау бөлмесінің телефоны (7172) 24-27-08 мекенжайы бойынша беріледі.

Жұмыс кестесі бес күндік жұмыс аптасын (9.00-18.30) құрайды, оның ішінде түскі үзіліс (13.00-14.30).

ХҚКО арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет үдерісі бойынша апелляция ХҚКО қарамағында болатын жергілікті атқарушы органға беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті орган, сондай-ақ ХҚКО арқылы балама негізінде осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетіледі.

Уәкілетті органның жұмыс кестесі осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес түскі үзіліспен 5 күндік жұмыс аптасын құрайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі ХҚКО жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден сағат 20.00-ге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз аптасына 6 күн.

Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда, шағым осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

ХҚКО арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда, шағым осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша ХҚКО басшысының атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым еркті нысанда жазылады.

25. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, жасалған шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарауға жауапты лауазымды адамның байланыс деректері көрсетілген талон шағымның қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабына сәйкес тұтынушыға шағымды қарау нәтижелері туралы жазбаша түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

26. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің сенім телефоны: 24-29-09.

«Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті аумақтық органдарының тізбесі

| Р/с № | Бөлімше атауы | Толық заңды мекенжайы | Байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | «Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бойынша Ақтөбе қаласындағы «Батыс» | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 95 | 8-(7132) 54-29-03 ktk_@actb mtc.gov.kz |
| 2. | «Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бойынша «Батыс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Орал қаласы, Еуразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 53-86-43 ktk_zko@ mtc.gov.kz |
| 3. | «Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша Павлодар қаласындағы «Ертіс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік мекемесі | Павлодар қаласы, Бектұров көшесі, 107 | 8-(7182) 32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 4. | «Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша Павлодар қаласындағы «Ертіс» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Өскемен қаласы, Крылов көшесі, 114 | 8-(7232) 25-22-06 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 5. | «Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша Талдықорған қаласындағы « Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktlc_alm@mtc.gov.kz |
| 6. | «Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша Талдықорған қаласындағы « Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы мемлекеттік инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktlc_galm@mtc.gov.kz |
| 7. | «Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Атырау қаласындағы «Каспий» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Атырау қаласы, Абай көшесі, «10А» | 8-(7122) 32-73-65 ktk_art@mtc.gov.kz |
| 8. | «Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Атырау қаласындағы «Каспий» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің филиалы | Ақтау қаласы, 1 ш/а, 1 | 8-(7292) 60-55-50 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| 9. | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесі | Шымкент қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі, 4 | 8-(7252) 56-44-88 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 10. | «Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің № 1 филиалы | Тараз қаласы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_yamb@mtc.gov.kz |
